Күтілетін нәтижелер: Морфологияның шығң тарихын, даму жолдары7

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

Оқытушы: Жумагулова Қ.

9.3 Пән атауы: Етістіктің дамуы (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Етістік сөз табының қазақ тіл білімінде зерттелуі жайын, лексика -семантика жағынан алуан түрлілігін, негізгі түбір етістік пен туынды түбір етістікті, дара күрделі етістіктерді, негізгі мен туынды етістіктерді терең түсіндіре білу.

Қысқаша мазмұны: Етістік туралы түсінік, зерттелуі. Етістіктің лексика-семантикалық топтары, етістікке тән категориялар: рай, шақ, етіс, есімше, көсемше. Етістіктің күрделі сөз табы екендігі. Етістіктің синтаксистік қызметі.

Күтілетін нәтижелер: Етістік тұлғалары арқылы барлық етістік түрлеріне ерекше тоқталу.

Пререквизит: Нормативті қазақ тілі

Постреквизит: Стилистика

Оқытушы: Керімбаев Е.

10.1 Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Синтаксис ғылымы осы сөйлемнің құрылысын зерттейді. Синтаксис-грамматиканың морфология секілді өзекті саласының бірі. Синтаксис гректің *syntaxis* – құрау, құрастыру, түзу деген сөзінің негізінде пайда болған. Синтаксис термині тіл білімінде екі түрлі мағынада жұмсалады: біріншісі-коммуникация (пікір алысу) үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларының құрылысы, екіншісі- тілдің коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы мағынасында оқыту.

Қысқаша мазмұны: Тілдің негізгі коммуникативтік, яғни пікір алысу үшін жұмсалатын тұлғасы деп сөйлемді айтамыз. Сөйлем адамның ең күрделі ойлау жұмысымен байланысты. Сөз затты, құбылысты атайды, бұл да күрделі ой жұмысының нәтижесі. Бірақ осынысына қарамай сөз және сөз тіркесі де пікір алысу үшін жұмсалатын негізгі тілдік тұлға қатарына жатпайды. Пікір алысу, қарым-қатынас жасау үстінде сөйлем жұмсалады. Өйткені қарым-қатынас пікір білдіру арқылы жүзеге асатындығын оқыту.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдер мәселелеріне арналған жаңа зерттеулердің нәтижелері, жалпы тіл біліміндегі теориялық тұжырымдар қамтылады.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы.

Постреквизит: Жоқ.

Оқытушы: Жумагулова Қ.

10.2 Пән атауы: Қазақ тілін жаңа технология бойынша оқыту (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Оқытудың жаңа технологиялары туралы түсінік беру және қолданудың кезеңдерін бөліп қарастыру. Жаңа педагогикалық технология, ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, деңгейлік саралау технологиясы, жекелеп оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы т.б. әдіс-тәсілдерді меңгерту.

Қысқаша мазмұны: Оқытуда жаңа технологиялардың түрлері мен типтеріне талдау жасау. Қазақ, орыс, ағылшын, тілдерінің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктерді ескере отырып методиканың барлық түрін ыңғайластыра отырып пайдалана білуге үйретудің жолдарын қарастыру.

Күтілетін нәтижелер: Жаңа технологияларды жан-жақты меңгерту шығармашылық тұлға қалыптастырудың бірден бір жолы. Дәстүрлі өтіліп жүрген дәрістер мен жаңашыл тәсілдермен өтілетін дәрістердің айырмашылығы мен жетістіктерін, кемшін түсіп жатқан тұстарын бағамдау.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы,

Постреквизит: Көркем тексті лингвистикалық талдау

Оқытушы: Нұрымova Қ.

10.3 Пән атауы: Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақ, орыс тілдерінің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктер мен заңдылықтарымен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Қазақ, орыс тілдерінің грамматикалық құрылысындағы ғылымның негізгі қағидаларымен және зерттеу әдістерімен танысу.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ, орыс тілдерінің грамматикалық құрылысында салыстырмалы грамматиканың тарихы және басқа ғылым салаларымен байланысты екендігінде.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы,

Постреквизит: Көркем тексті лингвистикалық талдау

Оқытушы: Керимбаев Е.

11.1 Пән атауы: Мәнерлеп оқу (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Сөз мәдениетінің категориялары, сөз мәдениетінің ғылым саласы ретіндегі маңызы, мәнерлеп оқуды теориялық тұрғыдан дәйектеу.

Қысқаша мазмұны: «Тіл мәдениеті» мен «Сөз мәдениеті» деген терминдердің аражігін, олардың қарастыратын нысандарын анықтап алу. Р.Сыздықова, Т.Қордабаев, З.Бейсенбайқызы сияқты іргелі ғалымдардың еңбектерімен танысып талқылау.

Күтілетін нәтижелер: Мәнерлеп оқу пәні арқылы сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, кітаппен жұмыс істеуге оқубарысында жүргізілетін жаттығулар, өз ойын нақты, жүйелі жеткізу дағдылары қалыптасад.

Пререквизит: Әдебиеттануға кіріспе.

Постреквизит: Жоқ.

Оқытушы: Исакулова М.

11.2 Пән атауы: Сюжет теориясы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Әдебиеттану ғылымының негізгі саласының бірі болып танылатын бұл пәннің мақсаты: халықтық, ұлттық әдебиетіміздің өмір тарихын көзқараспен таныту, студенттің болашақ маман ретінде эстетикалық талғамын, көркемдік дүниесін қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны: Сюжет өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі - өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс.

Күтілетін нәтижелер: Әдебиеттану ғылымында әдебиеттің ішкі және сыртқы құрылысы жайында сөз етіледі.

Пререквизиттер: Әдеби талдау негіздері.

Постреквизиттер: Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Оқытушы: Нұрымова Қ.

11.3 Пән атауы: Риторика (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Риторика – шешендік өнер әлем тарихындағы көне ғылымдардың бірі болып саналады. Ол мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келеді. Шешендік өнер ғылым ретінде қоғам дамуының әр түрлі кезеңдерінде бірде маңызы артып, кейде төмендігімен өзінің дамуын үзбей өрістеп келетіндігін түсіндіру.

Қысқаша мазмұны: Көркем мәтінді басқа мәтіндерден ерекшеленетін басты белгілері. Көркем шығарамның мәтін ретіндегі ерекшелігі. Көркем мәтіннің қатысымдық ұйымдасуы. Көркемдік уақыт пен кеңістік. Поэтикалық мәтін. Көркем проза мәтіні. Драмалық мәтіннің құрылымдық ерекшелігі.

Күтілетін нәтиже: Шешен, билердің шешендік сөздерін мәнерлеп оқып, оны талдау.

Пререквизиттер: Әдеби талдау негіздері.

Постреквизиттер: Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Оқытушы: Құланова С.

12.1 Пән атауы: Балалар әдебиеті (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты : Балалар әдебиеті пәні сөз өнерінің арналы бір саласы. Жас буынның сана сезімін оятып, ақыл ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке т.б ізгі мұраттарға баулу. Эстетикалық талғамын дамытатын көркем шығармалардың рөлін анықтау.

Қысқаша мазмұны: Қазақ балалар әдебиетінің негізін салған ақын жазушылардың Б.Алтынсарин, С.Торайғыров, С.Сейфулин, Б.Майлин, Ш.Смаханұлы, Ә.Ахметов, М.Әлімбаев, Б.Соқпақбаевтардың шығармаларын зерделеу.

Күтілетін нәтиже: Балалар әдебиетінің әр қилы дамуына қоғамдық әлеуметтік жағдай, балаларға арналған туындыларында кейіпкерлер өздеріне етене табиғи ортада танылуымен бірге заманымыздың көкейкесті мәселеріне араласады, шешудің жолдарын іздейді.

Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе.

Постреквизиттер: Жоқ.

Оқытушы: Тұрсыманова Ф.

12.2 Пән атауы: Сөз өнері: зерттеу мен зерделеу (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: «Сөз өнері» курсының басты мақсаты – студенттер сөз өнерін сөйлеу тілінің мәдениетін көтеру арқылы сөйлеу тіліндегі күрделі сөздердегі кейбір тілдік ерекшеліктерді талдап көрсету арқылы және сөйлеу кезінде көркем шығарманы оқу барысында дем алу, даусын дұрыс жолға қою, шешен сөйлеуге және нақыл сөздерді қолдана отырып, анық сөйлеуге үйрету.

Қысқаша мазмұны: Көркем тіл. Көркемдік шарттары, құбылтулар мәні, мазмұны, структурасы. Поэтикалық фонетика, оның эстетикалық қызметі.

Күтілетін нәтижелер: Қазіргі кезде ана тілінде мәнерлеп сөйлеуге, көркемдеп оқуға көңіл бөлудің маңызы зор.

Пререквизит: Әдебиет теориясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ әдебиеті

Оқытушы: Исақұлова М.

12.3. Пән атауы: Шешендік өнерді үйрету әдістемесі (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақ тілі- мемлекеттік тіл, қазақ халқының ұлттық тілі. Қазақ тілі сыры мен қыры көп, күрделі де бай тіл. Шешендік өнерді үйрету әдістемесі пәнінің мақсаты- дұрыс, көркем оқуға үйрету, сөйлеу тілінің мәдениетін көтеру, сөйлеу тіліндегі әртүрлі кемшіліктерді болдырмау.

Қысқаша мазмұны: Тіліміздің құнарлы да бай, екендігін, өзіне тән ерекшелігі, сипаты жөнінде түсінік беру. Шешен де көркем сөйлеудің шығарманы мәнерлеп оқи білудің өнер екендігін түсіндіру.

Күтілетін нәтиже: Шешен, билердің шешендік сөздерін мәнерлеп оқып, оны талдау.

Пререквизит: Әдебиет теориясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ әдебиеті

Оқытушы : Нұрымова Қ.

13.1 Пән атауы: Халық ауыз әдебиеті (3 кредит 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақ халық әдебиетін оқытуда студенттерге әлемдік фольклортану ғылымындағы методологиялық ортақтастықтар мәселелері, фольклордың ауызша сөз өнері ретіндегі табиғаты, ерекшеліктері, тұтас көркемдік жүйесі, жанрлары, этникалық тәсілдері мен құралдары, жазба әдебиетпен арақатынасы, фольклордың зерттелу тарихы т.б. ауқымды мәселелер жөнінде білім беру мақсаты көзделеді. Ауыз әдебиетін көркемөнердің барлық салаларымен, тарихымен, этнографиясымен, философиямен, психологиямен, педагогикамен т.б. ғылымдармен байланыста оқыту міндеттеледі.

Қысқаша мазмұны: Қазақ халқының ауыз әдебиеті – жоғары оқу орнындарында халықтық сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтып отыратын пән. Халық әдебиетінің мұралары ежелгі замандардан қалыптасқан үлгілерінің тақырыптық, көркемдік сипаттары фольклортану ғылымының бұрынғы-соңғы зерттеулерінің аясында теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндіріледі.

Күтілетін нәтижелер: Ауыз әдебиеті сонымен қатар ауызша және жазбаша әдебиеттің өзара ықпалдасуы, фольклордағы типологиялық тектестік мәселері қарастырылады.

Пререквизит: Әдебиеттануға кіріспе.

Постреквизит: Ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.

Оқытушы: Нұрымова Қ.

13.2 Пән атауы: Сыр бойы фольклоры (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Сыр бойы халық әдебиетінің мұралары ежелгі замандардан қалыптасқан үлгілерінің тақырыптық, көркемдік сипаттары фольклортану ғылымының бұрынғы-соңғы зерттеулерінің аясында теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндіріледі. Сонымен қатар ауызша және жазбаша әдебиеттің өзара ықпалдасуы, фольклордағы типологиялық тектестік мәселері қарастырылады. Фольклортану ғылымындағы жаңа зерттеулер басты назарда болады. Фольклор жанрларының барлық түрлерінен көркемдік іздеуге болмайтындықтан, олар «фольклордың танымдық түрлері», «фольклордың көркем түрлері» деп екіге бөліп қарастырылады.

Қысқаша мазмұны: Сыр бойы фольклорының көркемдік ерекшелігі – жоғары оқу орнындарында халықтық сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтып отыратын пән. Халық әдебиетінің мұралары ежелгі замандардан қалыптасқан үлгілерінің тақырыптық, көркемдік сипаттары фольклортану ғылымының бұрынғы-соңғы зерттеулерінің аясында теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндіріледі.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ фольклорын зерттеу ісі соңғы жылдары жаңа арнаға түсіп, ерекше қарқын ала бастады. Бұл халқымыздың ғасырлар бойы жасаған дәстүрлі мәдениеті үлгілерін ең алдымен ұлттық санамен бірге жалпыадамзаттық құндылықтарға қосылған үлес ретінде қарастырылуда.

Пререквизит: Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизит: Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет

Оқытушы: Бахадырова С.

13.3 Пән атауы: Фольклортану (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Фольклортану ғылымындағы жаңа зерттеулер басты назарда болады. Фольклор жанрларының барлық түрлерінен көркемдік іздеуге болмайтындықтан, олар

«фольклордың танымдық түрлері», «фольклордың көркем түрлері» деп екіге бөліп қарастырылады.

Қысқаша мазмұны: Қазақ фольклорының көркемдік ерекшелігі – жоғары оқу орнындарында халықтық сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтып отыратын пән. Халық әдебиетінің мұралары ежелгі замандардан қалыптасқан үлгілерінің тақырыптық, көркемдік сипаттары фольклортану ғылымының бұрынғы-соңғы зерттеулерінің аясында теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндіріледі. Сонымен қатар ауызша және жазбаша әдебиеттің өзара ықпалдасуы, фольклордағы типологиялық тектестік мәселері қарастырылады.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ фольклорын зерттеу ісі соңғы жылдары жаңа арнаға түсіп, ерекше қарқын ала бастады. Бұл халқымыздың ғасырлар бойы жасаған дәстүрлі мәдениеті үлгілерін ең алдымен ұлттық санамен бірге жалпыадамзаттық құндылықтарға қосылған үлес ретінде қарастырылуда.

Пререквизит: Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизит: Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет

Оқытушы: Жантасова З.

14.1 Пән атауы: : Ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеті (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: VI-VIII ғасырлардағы тасқа қашап жазылған жәдігерлердің, дастандар арқылы ежелгі түркі елінің әдет-ғұрып, наным-сенімін, поэзиясын мәнін білду. Тарихи әлеуметтік жағдайларды, әдеби мұраларын оқыту. Қазақтың төл әдебиетінің қалыптасу, даму жолын айқындау; жыраулық поэзияның өзіндік ерекшеліктері мен толғау жанрының өзгешеліктерін таныту; жыраулар поэзиясының тақырыптық-идеялық және көркемдік негіздерін, тәрбиелік мәнін жете түсіндіру; жыраулар поэзиясы мен XIX ғасырдағы ақындық дәстүрдің сабақтастығы т.б. мәселелер курстың негізгі мақсат-міндеттері болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Ежелгі дәуір әдебиеті курсы, түркі тектес халықтардың әдебиеті тарихы мен теориясына қатысты аса маңызды өзекті мәселелерді әдеби-тарихи материалдар негізінде деректі түрде сипаттайды. Ежелгі дәуір әдебиеті-әдебиет тарихы мен әдебиеттану ғылымдарының құрамдас бір бөлігі. Қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тектес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен байланысты екенін білеміз. Бұл түркі тектес халықтарға ортақ әдебиет. Хандық дәуір әдебиеті пәнін оқыту барысында пәнаралық байланыстар да басты назарда болады.

Күтілетін нәтижелер: Хандық дәуір кезеңі әдебиетінің тарихи оқиғалармен, саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланысты дамуы ерекшеліктеріне де назар аударылады. VI-XV ғасыр аралығын қамтиды. Қазақ әдебиетінің негізгі түркі әдебиетінен бастау алатыны сөзсіз. Сондықтан қазақ әдебиетінің төркінін содан іздеп, ежелгі дәуірдегі түркі тілдес халықтар-бабаларымыз бірігіп жазған асыл қазынаны ортақ қазынамыз деп танып, студенттерге соны жеткізу, түсіндіру, ұғындыру болып табылады.

Пререквизиттер: Халық ауыз әдебиеті.

Постреквизитер: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.

Оқытушы: Нұрымова Қ.

14.2 Пән атауы: Жыраулар поэзиясының көркемдік ерекшелігі (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақтың төл әдебиетінің қалыптасу, даму жолын айқындау; жыраулық поэзияның өзіндік ерекшеліктері мен толғау жанрының өзгешеліктерін таныту; жыраулар поэзиясының тақырыптық-идеялық және көркемдік негіздерін. VI-VIII ғасырлардағы тасқа қашап жазылған жәдігерлердің, дастандар арқылы ежелгі түркі елінің әдет-ғұрып, наным-сенімін, поэзиясын мәнін білду. Тарихи әлеуметтік жағдайларды, әдеби мұраларын оқыту.

Қысқаша мазмұны: Сыр бойының ақын-жыраулары – жоғары оқу орнындарында халықтық сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтып отыратын пән. Көп ғасырлық тарихы бар халқымыздың рухани мұрасы – Сыр ақын-жырауларының әдеби мұрасы. Ол қазақ әдебиеті тарихында өзіндік шығармашылық мектеп дәстүрін қалыптастырып ұлттық мәдениет тарихында айрықша орын алады. Ежелгі дәуір әдебиеті курсы, түркі тектес халықтардың әдебиеті

тарихы мен теориясына қатысты аса маңызды өзекті мәселелерді әдеби-тарихи материалдар негізінде деректі түрде сипаттайды. Ежелгі дәуір әдебиеті-әдебиет тарихы мен әдебиеттану ғылымдарының құрамдас бір бөлігі. Қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тектес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен байланысты екенін білеміз. Бұл түркі тектес халықтарға ортақ әдебиет.

Күтілетін нәтижелер: Жыраулар поэзиясында әдебиеттің тарихи оқиғалармен, саяси әлеуметтік жағдайлармен байланысты дамуы мен жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, жыраулық мұралардың тарихи мәселелері ғылыми теориялық тұрғыдан түсіндіріледі.

Пререквизиттер: Халық ауыз әдебиеті, Ежелгі дәуір әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттер: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Оқытушы: Жантасова З.

14.3 Пән атауы: Орхон-Енисей жазба ескерткіштері (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде VI-XV ғасыр аралығындағы әдебиет қарастырылады. Түркі тілдес халықтар-бабаларымыз бірігіп жазған асыл қазынаны ортақ қазынамыз деп танып, студенттерге соны жеткізу, түсіндіру, ұғындыру болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде VI-XV ғасыр аралығындағы әдебиет қарастырылады. Орхон-Енисей аңғарынан табылған ескерткіштер туралы мәлімет береді.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ әдебиетінің негізгі түркі әдебиетінен бастау алатыны сөзсіз. Сондықтан қазақ әдебиетінің төркінін содан іздеп, ежелгі дәуірдегі асыл қазынаны ортақ қазынамыз деп танып, студенттерге соны жеткізу, түсіндіру, ұғындыру болып табылады.

Пререквизит: Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизит: Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет

Оқытушы: Турсуманова Ф.

15.1 Пән атауы: XIX-XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы кезеңін құрайтын мұраларды қазіргі заманғы әлемдік өркениет талаптарына орай оқыту. : XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен зерттелуі. Қазақ әдебиеттануы және әлемдік рухани құндылықтар. Әдебиеттанудағы көркемдік әлемнің зерттелуі.

Қысқаша мазмұны: Әдебиеттану ғылымының негізгі саласының бірі болып танылатын бұл пәннің мақсаты: халықтық, ұлттық әдебиетіміздің өмір тарихын көзқараспен таныту, студенттің болашақ маман ретінде эстетикалық талғамын, көркемдік дүниесін қалыптастыру. XX ғасырдың 1920-30 жылдары қоғамдық-экономикалық формацияның қалыптасуы кезеңі болды. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңі, әдеби сын және эстетикалық көзқарастар, баспасөздегі айтыстар әлемі

Күтілетін нәтижелер: XIX ғасырдағы ұлттық сөз өнерінің дамуының ерекшеліктері. Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі сабақтастығы мұрасындағы түркі өркениеті және ислам мәдениеті көріністері берілген. Осы ғасыр әдебиетіндегі ақын-жазушылардың шығармашылық көріністері берілген.

Пререквизит: Ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.

Постреквизит: Қазіргі қазақ әдебиеті.

Оқытушы: Нұрлыбаев Н.

15.2 Пән атауы: Дәстүрлі ақындық поэзия (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Пәннің басты мақсаты- қазақ әдебиеті тарихының басты арнасы авторлық ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі ерекшеліктерін таныту, дара ақындық поэзия өкілдерінің ұлттық әдеби процесі қалыптастырып дамытқан дәстүрінің ғылыми-теориялық негіздерін ұғындыру, авторлық тұлғаға тән психологиялық шығармашылық ерекшеліктерді меңгерту, рухани мәдениеттің тарихындағы әдеби процесінің мәнін зерделеу, шығармашылық болжал психологиясы өлеңдерінің жанрлық табиғатын таныту.

Қысқаша мазмұны: Авторлық тұлғаға тән психологиялық шығармашылық ерекшеліктерді меңгерту, рухани мәдениеттің тарихындағы әдеби процестің мәнін зерделеу, шығармашылық болжал психологиясы өлеңдерінің жанрлық табиғатын таныту.

Күтілетін нәтижелер: Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет және дара ақындық поэзия өкілдерінің ұлттық әдеби процесі және дәстүрінің ғылыми-теориялық негіздерін ұғындыру

Пререквизит: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Постреквизит: Қазіргі қазақ әдебиеті

Оқытушы: Нұрымова Қ.

15.3 Пән атауы: Көркем мәтінді әдеби талдау (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Көркем туынды жайлы теориялық, эстетикалық пайым – түсініктерін нақты шығармаларды талдау, салыстыру, салғастыру, байыптау, бағалау барысында практика жүзінде қолдана білуге дағдыландырады. Әдебиеттердің бір – бірін байыту құпияларын игеріп, шеберлік, қаламгер шеберлігі мәселелері сырын ашуға машықтанады.

Қысқаша мазмұны: «Көркем мәтінді әдеби талдау» пәні «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының сырларын үйренуші білімгердің әдеби – теориялық білімдерін тереңдетіп, әдебиеттанушылық – зерттеушілік еңбектің негіздерімен таныстырады. Көркем туындыны жан – жақты зерттеп, талдап, салыстырып, оның көркемдік – идеялық мазмұнын ашудың түрлі тәсіл, амалдарына үйретеді.

Күтілетін нәтижелер: Студенттердің көркем шығармаға қызығушылығын арттырып, дұрыс талдай білуі. Ақын-жазушылардың шығармаларын талдап әдіс тәсілдерін меңгеру.

Пререквизит: Қазақ Хандығы дәуіріндегі әдебиет

Постреквизит: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Оқытушы: Исақұлова М.

16.1 Пән атауы: Қазіргі қазақ әдебиеті (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы мен қалыптасуы, зерттелуі жайын қарастырып, өзіндік пікір айта білуге, ғылыми тұжырым жасай алуға баул. Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөлініп зерттелуі ол туралы іргелі ғалымдардың ғылыми еңбектерін оқып, ой қорытуға дағдыландыру.

Қысқаша мазмұны: Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары мен бағыттары, әдебиеттің даму бағыттарын айқындайтын ірі ақын-жазушылардың шығармашылық өмірін оқу. Жаңашыл бағыттағы, уақыт жүгін көтеріп жүрген ірі туындылардың тақырыбы мен сюжетін айқындап, талдап, түйсіне білу.

Күтілетін нәтижелер: Қазіргі қазақ әдебиеті мен Т.М.Д және Батыс, Шығыс әдебиеттерінің көтеріп отырған тақырыптары мен стилін анықтай отырып, қазақ әдебиетінің бағыттары мен өкілдерінің шығармашылығын оқып, терең талдай алады.

Пререквизит: XIX -XX. басындағы қазақ әдебиеті.

Постреквизит: Қазақ әдеби сынының тарихы.

Оқытушы: Нұрымова Қ.

16.2 Пән атауы: Тәуелсіз жылдардағы қазақ әдебиеті (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиетінің өсу жолдарын, даму ерекшеліктерін жан-жақты пайымдаған еліміздің егеменді алуына орай ашылған мүмкіндіктер, қалыптасқан жаңа көзқарастар тұрғысынан, ғылымның бүгінгі жетістіктеріне сүйене отырып, тарихи салыстырмалы, тарихи процесті шола сипаттау, көркемдік, әдеби-теориялық талдау мен жинақтау, тарихи-жүйелеу әдістерін қолдана отырып саралау.

Қысқаша мазмұны: XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихына қосылған жаңа туындыларды ғылыми тұрғыдан танып-білудің бағдарлы әрекеті.

Күтілетін нәтижелер: Тәуелсіз жылдардағы қазақ әдебиетіндегі реалистік сипат пен көркемдік қиял жинақталуының сабақтастығы және идеялық- композициялық желісіндегі ұлттық-этнографиялық сипат танып білуге көмектеседі.

Пререквизит: XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті.

Постреквизит: Практика

Оқытушы: Жұмағұлова Қ.

16.3 Пән атауы: 60-90 жылдардағы қазақ әдебиеті (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: «20-ғасырдың басындағы қазақ көркем аудармасы» арнайы курс пәні студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, жинақтаған әдеби – теориялық білімдерін тереңдетіп, әдебиеттанушылық – зерттеушілік еңбектің негіздерімен таныстырады. «Көркем аударма теориясының мәселелері» курсы бойынша алған білімдерін тереңдету арқылы көркем туындыны жан – жақты зерттеп, талдап, салыстырып, оның көркемдік – идеялық мазмұнын ашудың түрлі тәсіл, амалдарына үйретеді.

Қысқаша мазмұны: Жалпы алғанда курсты оқудың негізгі мақсаты 20-30 жылдардағы көркем аударманы қазақ әдебиетінде орын алған тарихи-мәдени процесс ретінде қарастыра отырып, оның негізгі ерекшеліктерін айқындау, жеке алғанда аударма мен аудармашылыққа қатысты ой-пікірлердің қазақ әдебиетінің тұтастай дамуына тигізген әсерін анықтау болып табылады. Көркем туынды жайлы теориялық, эстетикалық пайым – түсініктерін нақты шығармаларды талдау, салыстыру, салғастыру, байыптау, бағалау барысында практика жүзінде қолдана білуге дағдыландырады.

Күтілетін нәтижелер: Әдебиеттердің бір – бірін байыту құпияларын игеріп, шеберлік, аудармашы шеберлігі мәселелері сырын ашуға машықтанады

Пререквизит: XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті.

Постреквизит: Практика

Оқытушы: Құланова С.

17.1 Пән атауы : Өзін-өзі тану (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты : адамның қоршаған ортаны танып, өзінің ішкі жан-дүниесіне үніліп , өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік рухани әлеуетін көтеру. Жеке тұлға ретінде өзіндік адамгершілік қасиеттерді үздіксіз жетілдіріп, үйлесімділікте жету жолдарын қарастырып, нәтиже шығарту.

Қысқаша мазмұны: Өзін-өзі тану адамға өзін-өзі анықтауға , жақсы қасиеттерін ашуға , өзіне адалдыққа , өзіндік адамгершілікті үнемі жетілдіріп, Адам деген сөздің толық мағынасында қалу үшін қажет. Жеке тұлға ретінде қалыптасу үшін қажетті алғышарттарды негізге ала отырып, үнемі даму үстінде болу арқылы жетіліп отыру.

Күтілетін нәтижелер: Білім алушы діннен, философиядан және ғылымнан хабары болады және құраннан, хадистен, хикметтерден , әдет-ғұрып , салт- дәстүрден , ақын-жырау, жазушы, билер мен шешендердің қалдырған ғибраттарын толық ұғынады.

Пререквизит: Психология

Постреквизит: Практика

Оқытушы: Кыпшақбаева С.

17.2 Пән атауы : Педагогикалық мамандыққа кіріспе (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практиксын зерделеу және функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықау.

Қысқаша мазмұны: Білім беру процесінде оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу, білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту. Қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық – техникалық базасын нығайту және білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету. Стандарттар , оқу жоспарлары мен бағдармалар.

Күтілетін нәтижелер: Тәрбие саласындағы жұмыстарға әлеуметтік көзқарас оң тұрғыда қалыптасады, білім алушылардың ізденіс қабілеті өседі, дүниетанымы кенейеді. Педагогикалық ұжымның бәсекелестік қабілеті артады.

Пререквизит: Психология.

Постреквизит: Жоқ.

Оқытушы: Құланова С.

17.3 Пән атауы: Әлеуметтану (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Әлеуметтану пәнінің зерттейтін нысанасы,оның негізін салушылардың еңбектері. Пәннің қалыптасуы мен дамуы тұрғысынан зерттеу.

Қысқаша мазмұны:Әлеуметтану пәнінің екі негізгі тенденциясы.Макросоциологиялық және микросоциологиялық болып екі түрге бөлінуі.Пәннің қалыптасу кезеңдеріндегі әр түрлі әлеуметтік заңдар мен құбылыстардың, үрдістердің негізгі қағидаттарын теориялық және практикалық тұрғыдан меңгеру.

Күтілетін нәтижелер:Әлеуметтік ой дамуының негізгі тарихи кезеңдерін талдай білу.Әлеуметтану пәніне қоғам,әлеуметтік құрылым ретінде ,жүйе ретінде талдай білу.

Пререквизит: Қазақстан тарихы

Постреквизит: Социология

Оқытушы: Ералиева Ғ.

18.1 Пән атауы: Әдеби талдау негіздері (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Көркем әдебиет, әдебиеттің халықтығы, әдебиеттің типтері мен түрлерін эпикалық тек, лирикалық тек, драмалық тек және олардың түрлері, көркемдік әдіс әдеби ағым, бағыттар стилді көркем туынды мазмұн мен пішіннің бірлігі тұрғысынан қарастыру.

Қысқаша мазмұны: Әдебиетті салыстырмалы типологиялық түрде зерттеу. Поэтика және мағыналық текстология-салыстырмалы типологиялық зерттеу.

Күтілетін нәтижелер: Әдебиет теориясында әдебиетті зерттеудегі кейбір тәсілдер. Филологиялық тәсіл, Биографиялық тәсіл, психологиялық тәсіл, психоаналитика тәсілі, интуитивизм тәсілі, мәдени – тарихи тәсіл, тарихи – салыстырмалы тәсіл, формальдық тәсіл болп саналады.

Пререквизит: Әдебиеттануға кіріспе.

Постреквизит: Қазақ әдеби сынының тарихы.

Оқытушы: Керимбаев Е.

18.2 Пән атауы: Сөз өнері: зерттеу мен зерделеу (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: «Сөз өнері» курсының басты мақсаты – студенттер сөз өнерін сөйлеу тілінің мәдениетін көтеру арқылы сөйлеу тіліндегі күрделі сөздердегі кейбір тілдік ерекшеліктерді талдап көрсету арқылы және сөйлеу кезінде көркем шығарманы оқу барысында дем алу, даусын дұрыс жолға қою, шешен сөйлеуге және нақыл сөздерді қолдана отырып, анық сөйлеуге үйрету.

Қысқаша мазмұны: Көркем тіл. Көркемдік шарттары, құбылтулар мәні, мазмұны, структурасы. Поэтикалық фонетика, оның эстетикалық қызметі.

Күтілетін нәтижелер: Қазіргі кезде ана тілінде мәнерлеп сөйлеуге, көркемдеп оқуға көңіл бөлудің маңызы зор.

Пререквизит: Әдебиет теориясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ әдебиеті

Оқытушы: Турсуманова Ф.

18.3. Пән атауы: Шешендік өнерді үйрету әдістемесі (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақ тілінің бай тілдік қорын анықтайтын шешендік өнердің тарихын,оның ірілі-ұсақты өкілдерінің шығармашылық өмірбаянын,әділ де қара қылды қақ жаратын шешімдерін,дүнияуи мәселелерде айтқан үкімдерін ой елегінен өткізіп бағамдату.

Қысқаша мазмұны: Тіліміздің құнарлы да бай, екендігін, өзіне тән ерекшелігі, сипаты жөнінде түсінік беру. Шешен де көркем сөйлеудің, шығарманы мәнерлеп оқи білудің өнер екендігін түсіндіру.Төле би,Қазыбек би,Әйтеке би сынды қазақ халқының біртұтас ел болып ұйысуына баға жетпес үлес қосқан бабалардың өмір тарихын зерттеп, зерделеу.

Күтілетін нәтижелер: Шешен, билердің шешендік сөздерін мәнерлеп оқып, оны талдау. Шешендік өнердің шығу, қалыптасу тарихына талдау жасау.Шешендік мектептердің қалыптасуы мен дамуы.Өсиет,нақыл сөздерді оқып,өзіндік талдау жасай алу қабілетін ашу.

Пререквизит: Әдебиет теориясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ әдебиеті

Оқытушы : Нұрымова Қ.

19.1.Пән атауы: Көркем тексті лингвистикалық талдау (3 кредит,135 сағат)

Оқытудың мақсаты: «Мәтінге тілдік талдау жасау» пәнінің негізгі мақсаты мәнерлеп оқуға тәсілдеу, мәтін түрлерімен таныстыру, мәтін бойынша сұрақ қоя білуге үйрету. «Тіл - әдебиеттің бірінші элементі». Саз өнерінің өнердің басқа түрлерінен ерекшелігі. Көркем әдебиет тілі - әдеби тілдің ең жоғары сападағы түрі екендігі. Әдебиет тілінің зерттелу тарихы, зерттеушілердің көркемөнер поэтикасы туралы. Көркем тіл теориясының отандық ғылымдағы негіздері және тілдік талдаудың методологиялық принциптері. Көркем әдебиет тіліндегі грамматикалық тұлғалардың стилистикалық- синтаксистік қызметін білу.

Қысқаша мазмұны: Көркем мәтінге лингвистикалық талдау жүргізудің өзіндік принциптері мен әдістері бар. Ол көркем шығарма тілін зерттеу саласындағы жинақталған ілім-тәжірибеге негізделеді.

Күтілетін нәтижелер: Студенттердің көркем шығармаға қызығушылығын арттырып, дұрыс талдай білуі. Ақын-жазушылардың шығармаларын талдап әдіс тәсілдерін меңгеру.

Пререквизит: Тіл біліміне кіріспе.

Постреквизит: Жоқ

Оқытушы: Исақұлова М.

19.2 Пән атауы: Мәтін синтаксисі (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Мәтін түзудегі жалпы принциптер. Мәтін талдаудың тәсілдері мен анықтамалары. Көркем мәтіннің қатысымдық ұйымдасуы. Көркем мәтіндердің типологиясы. Поэтикалық, прозалық, драмалық мәтіндерді үйрету.

Қысқаша мазмұны: Көркем мәтінді басқа мәтіндерден ерекшеленетін басты белгілері. Көркем шығарманың мәтін ретіндегі ерекшелігі. Көркем мәтіннің қатысымдық ұйымдасуы. Көркемдік уақыт пен кеңістік. Поэтикалық мәтін. Көркем проза мәтіні. Драмалық мәтіннің құрылымдық ерекшелігі.

Күтілетін нәтижелер: Студенттердің көркем шығармаға қызығушылығын арттырып, дұрыс талдай білуі. Ақын-жазушылардың шығармаларын талдап әдіс тәсілдерін меңгеру.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

Постреквизит: Практика

Оқытушы: Тұрсыманова Ф.

19.3 Пән атауы:Қазақ тілін жаңа технология бойынша оқыту (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Оқытудың жаңа технологиялары туралы түсінік беру және қолданудың кезеңдерін бөліп қарастыру. Жаңа педагогикалық технология, ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, деңгейлік саралау технологиясы, жекелеп оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы т.б. әдіс-тәсілдерді меңгерту.

Қысқаша мазмұны: Оқытуда жаңа технологиялардың түрлері мен типтеріне талдау жасау. Қазақ, орыс, ағылшын, тілдерінің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктерді ескере отырып методиканың барлық түрін ыңғайластыра отырып пайдалана білуге үйретудің жолдарын қарастыру.

Күтілетін нәтижелер: Жаңа технологияларды жан-жақты меңгерту шығармашылық тұлға қалыптастырудың бірден бір жолы. Дәстүрлі өтіліп жүрген дәрістер мен жаңашыл тәсілдермен өтілетін дәрістердің айырмашылығы мен жетістіктерін, кемшін түсіп жатқан тұстарын бағамдау.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

Постреквизит: Практика

Оқытушы: Нұрымова Қ.

20.1 Пән атауы: Сөздікпен жұмыс (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Сөздікпен жұмыс мәтінді - зерттеу нысаны. Қазақ тіл білімінде сөздікпен жұмыс – жеке сала. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі екшеліп, толығып қалыптасқан, жүйелі құбылыс. Сөздің грамматикалық, лексикалық мағынасы, жалпы және жеке грамматикалық мағыналарымен құрылысымен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Сөздікпен жұмыс тіл білімінің жеке саласы ретінде танылуы – оның өзіндік зерттеу нысанының болуы. Бұрын сөзжасам саласы морфологияның құрамында сөз табына қатысты танылып келді. Қазақ тіл білімінде сөзжасам – жеке сала. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі ұзақ замандардан бері екшеліп, толығып қалыптасқан, өзіндік заңдылықтары жетілген жүйелі құбылыс. Сөздің грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағынасы. Жалпы және жеке грамматикалық мағыналар. өз құрылысы.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ тілі пәнінің барлық талдау түрлерін меңгеру.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамын меңгеру үшін қазақ тіл білімінен алғашқы теориялық ұғымдарды меңгеру керек және терминдерді есте сақтау дағдысы болуы керек.

Постреквизит: Студенттердің сөздік қоры, теориялық білімдері байытылып, қазіргі қазақ тілінен талдаудың барлық түрлерін еркін меңгеру керек. Болашақ тіл мамандары қазақ тілінің қыр-сырын меңгеріп, әдеби тілде мәдениетті сөйлей білу керек.

Оқытушы: Исақұлова М.

20.2 Пән атауы: Аударма теориясы (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Аударма теориясы туралы түсінік. Аударма теориясы мен практикасын оқыту.

Қысқаша мазмұны: Аударма ғылымының теориясы мен практикасы. Әдеби аударма ғылымы және тарихы. Әдеби аударма түрлері және өзіне тән ерекшеліктері. Жанр және аударма. Әдеби аударма бірліктері. Ұлттық – мәдени ерекшелік және әдеби аударма.

Күтілетін нәтижелер: Аударма теориясы арқылы тіл байлығын дамытып, тілдің тілдік ерекшеліктеріне мән беру.

Пререквизит: Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизит: Әдеби шығармашылық

Оқытушы: Бахадырова С.

20.3 Пән атауы: Сөзжасамның даму жолдары (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жеке пән ретінде оқытылды. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияны қолданылды. Мұнымен қоса сөзжасам мәселесінің жеке тақырыптарынан шыққан еңбектер мен А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулығындағы, С.Исаевтің «Қазақ тілінің грамматикалық көрсеткіштері» аты еңбегіндегі сөзжасам туралы мәліметті қолдану.

Қысқаша мазмұны: Қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарына қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жеке пән ретінде оқытылады. Бұл пән Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазіргі қазақ тілі кафедрасының ұсынысы бойынша 1990 жылы қазақ тілінің сөзжасамы пән ретінде кіріп, 1992 жылы оның профессор Н.Оралбаева құрастырған бағдарламасы тұңғыш рет баспадан шыққан еді. Содан бері бұл пән осы бағдарлама негізінде оқытылып келеді. Оқулық болмағандықтан, университеттер А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты 1989 жылы баспадан шығарған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияны қолданып келді. Мұнымен қоса сөзжасам мәселесінің жеке тақырыптарынан шыққан еңбектер мен А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулығындағы, С.Исаевтің «Қазақ тілінің грамматикалық көрсеткіштері» аты еңбегіндегі сөзжасам туралы мәлімет те қолданылды

Күтілетін нәтижелер: Қазақ тілі пәнінің барлық талдау түрлерін меңгеру.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамын меңгеру үшін қазақ тіл білімінен алғашқы теориялық ұғымдарды меңгеру керек және терминдерді есте сақтау дағдысы болуы керек.

Постреквизит: Сөзжасамның даму жолдарын жетік меңгеруі тиіс. Студенттердің сөздік

қоры, теориялық білімдері байытылып, қазіргі қазақ тілінен талдаудың барлық түрлерін еркін меңгеру керек.

Оқытушы: Тұрсыманова Ф.

21.1 Пән атауы: Ежелгі және орта ғасырлардағы шетел әдебиеті (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Ежелгі және орта ғасырлардағы шетел әдебиеті, дүние халықтары әдебиеттері - өркениеттегі әрқайсысының лайықты орындары белгіленген рухани мұралар. Қазақстанның көп ғасырлық тарихында аталған Батыс Еуропа мен Шығыс елдерімен болған қарым-қатынастарының дәстүрлі жолы бар. Тәуелсіз Қазақстан мен әлем халықтарының әдебиеттерін сабақтастыра оқып-үйрену арқылы сөз өнерінің жалпы адамзатқа ортақ көркемдік тереңдіктерін игеру мақсаты бағдарланады.

Қысқаша мазмұны: Шет ел әдебиетіне Батыс Еуропа және Шығыс Африка, Америка халықтары әдебиеті, жер бетіндегі адамзаттың барлық бөлігін құрайтын әдебиеттер кіреді. Шығыс сөзінің географиялық кеңістік ауқымына мемлекеттік құрылымы бар көптеген елдер кіреді. Шет елдер әдебиетін оқып – үйрену -әлемдік сөз өнері мұраларын игеру деген сөз. Сондықтан бұл пән әлемдік сөз өнері дамуының тарихына әдеби шолу жасауды мақсат тұтады. Пәннің негізгі мақсаты – 16-19 ғасырлардағы Батыс, Орталық, Оңтүстік Еуропа елдерінің тарихи тағдыры мен әдебиеттегі үш әдеби бағыттармен таныстыру. Сонымен қатар Испания, Франция, Англия, АҚШ елдері әдебиетінің көрнекті өкілдерінің ең таңдаулы еңбектерімен таныстыру да ең негізгі мақсаттардың біріне саналады.

Күтілетін нәтижелер: Студенттердің ежелгі және орта ғасырлардағы батыс драматург, жазушыларының шығармашылығын талдап, оларға қызығушылығын арттыру.

Пререквизиттер: Жоқ.

Постреквизиттер: XIX-XX ғасырдағы шетел әдебиетінің тарихы.

Оқытушы: Жантасова З.

21.2.Пән атауы: Аударма теориясы (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Аударма теориясы туралы түсінік. Аударма теориясы мен практикасын оқыту.Аударма ісінің қыр-сырлары мен техникасын меңгерту. Аударманың өзіндік ерекшеліктері мен жұмыс жасауда кездесетін қиындықтарды шешудің методикасын үйрету.

Қысқаша мазмұны: Аударма ғылымының теориясы мен практикасы. Әдеби аударма ғылымы және тарихы. Әдеби аударма түрлері және өзіне тән ерекшеліктері. Жанр және аударма. Әдеби аударма бірліктері. Ұлттық – мәдени ерекшелік және әдеби аударма.

Күтілетін нәтижелер: Аударма теориясы арқылы тіл байлығын дамытып, тілдің тілдік ерекшеліктеріне мән беру.Өзге тілдерден, керісінше ана тілінен аударылатын мәтіндердің ерекшеліктерін дұрыс айыра білу,сапалы аударма жасай білудің техникасын меңгеру.

Пререквизиттер: Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Постреквизиттер: Практика

Оқытушы: Нұрлыбаев Н.

21.3 Пән атауы: Әдеби аударма негіздері (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Әдеби аударма түрлері және өзіне тән ерекшеліктері, жанры, аударма бірліктерін оқыту. Қазақ аудармасының тарихы тереңде жатқандығы, оның тарихи өркендеу сатысын белгілі жүйемен зерттеп, ғылыми-әдеби жағынан бір ізге, бір арнаға түсіру қажеттілігін анықтау.Аударма теориясының зерттелуі жиырмасыншы жылдардан қолға алынды. Сондықтан қазақ тайпалары мен халқының әдебиетіндегі бізге жеткен шығармалардың қайсысы төл тума, қайсысы аударма екенінің ара жігі әлі де анықталмағандығын зерттеу.

Қысқаша мазмұны: Әдеби аударма ғылымының теориясы мен практикасы. Әдеби аударма ғылымы және тарихы. Қазақ сахарасында ислам дінінің уағыздарымен қоса, араб, үнді әдебиетінің үлгілері таралғаны мәлім болса, сол шығармалардың, аудармалардың аудармашысы кім екендігі беймағлұм.Аударманың тарихын сөз еткенде оның өзі әрбір ұлттың әдебиет пен мәдениеттің құрамдас бөлігі болғандықтан, ізін де, дәстүрін де, даму дәрежесінің қандай сатыда болған да сол ұлттың әдебиеті мен мәдениетінің тарихынан деректер келтіру.

Күтілетін нәтижелер: Әдеби аударма негіздері пәнінде аударманың тарихы және ғылымилығы жайында айтылған ғылыми негіздемелерді білу.

Пререквизиттер: Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Постреквизиттер: Практика

Оқытушы: Айтенова Д.

22.1 Пән атауы: XIX-XX ғасырлардағы шетел әдебиетінің тарихы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Шет елдер әдебиеті, дүние халықтары әдебиеттері - өркениеттегі әрқайсысының лайықты орындары белгіленген рухани мұралар. Қазақстанның көп ғасырлық тарихында аталған Батыс Еуропа мен Шығыс елдерімен болған қарым-қатынастарының дәстүрлі жолы бар. Тәуелсіз Қазақстан мен әлем халықтарының әдебиеттерін сабақтастыра оқып-үйрену арқылы сөз өнерінің жалпы адамзатқа ортақ көркемдік тереңдіктерін игеру мақсаты бағдарланады.

Қысқаша мазмұны: Шет ел әдебиетіне Батыс Еуропа және Шығыс Африка, Америка халықтары әдебиеті, жер бетіндегі адамзаттың барлық бөлігін құрайтын әдебиеттер кіреді. Шығыс сөзінің географиялық кеңістік ауқымына мемлекеттік құрылымы бар көптеген елдер кіреді. Шет елдер әдебиетін оқып – үйрену -әлемдік сөз өнері мұраларын игеру деген сөз. Сондықтан бұл пән әлемдік сөз өнері дамуының тарихына әдеби шолу жасауды мақсат тұтады. Пәннің негізгі мақсаты – 16-19 ғасырлардағы Батыс, Орталық, Оңтүстік Еуропа елдерінің тарихи тағдыры мен әдебиеттегі үш әдеби бағыттармен таныстыру. Сонымен қатар Испания, Франция, Англия, АҚШ елдері әдебиетінің көрнекті өкілдерінің ең таңдаулы еңбектерімен таныстыру да ең негізгі мақсаттардың біріне саналады.

Күтілетін нәтижелер: Студенттердің батыс драматург, жазушыларының шығармашылығын талдап, оларға қызығушылығын арттыру.

Пререквизиттер: Ежелгі және орта ғасырлардағы шетел әдебиеті.

Постреквизиттер: Жоқ.

Оқытушы: Нұрлыбаев Н.

22.2 Пән атауы: Аударма теориясы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Аударма теориясы туралы түсінік. Аударма теориясы мен практикасын оқыту.

Қысқаша мазмұны: Аударма ғылымының теориясы мен практикасы. Әдеби аударма ғылымы және тарихы. Әдеби аударма түрлері және өзіне тән ерекшеліктері. Жанр және аударма. Әдеби аударма бірліктері. Ұлттық – мәдени ерекшелік және әдеби аударма.

Күтілетін нәтижелер: Аударма теориясы арқылы тіл байлығын дамытып, тілдің тілдік ерекшеліктеріне мән беру.

